

6D073100 «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
Нұртай Жадыра Тастенбекқызының

«Қазақстан Республикасының таулы аймақтарындағы халықты табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан құтқару үшін құрылым құру мақсатында өндірістік қалдықтарды пайдалана отырып композициялық материалдар алу технологиясын жасау» атты диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

ШҚІРІ

Нұртай Жадыра Тастенбекқызы 2014-2017 жыл аралығында М.Әуезов атындағы ОҚМУ 6D073100 «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша (PhD) докторантураның толық курсынан өтті.

Диссертацияда автордың докторантурада оқу барысындағы жасаған жұмыстарының нәтижелері ұсынылған. Докторант Ж.Т. Нұртайдың таңдаған тақырыбы қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. 2007-2015 жылдары қабылданған мемлекеттік жүйені дамыту бағдарламасында төтенше жағдайлардың салдарын жою және ескерту мақсатында халықты және аумақты қорғау технологиясына жаңа әдістер ендіру көрсетіліп, осы бағдарламаны жетілдіру жолымен орындалған.

Жаңа әдістер мен технологиялар қорғаныс шараларына кешенді түрде келудің негізінде жасалуы тиіс және аномалдық құбылыстардың жағдайын толық зерттеп алуды талап етеді. Қорғаныс және реттеп отыратын құрылыстардың сенімділігі, экономиялық тиімділігі, экологиялық және эстетикалық жағдайлары ауқымды түрде қарастырылуы тиіс.

Бірқатар құрылыстар 30-40 жыл бойы пайдаланылып келеді, олар тозған және бір бөлігі бұзылып қалған. Бұл құрылыстарды күшейтін қалпына келтіру әдістерін жасау керек. Бұл жағдайлардың барлығы тек қана теориялық және тәжірибелік зерттеулерді ғана талап етін қоймайды, бұл жерде практикалық жұмыстар да жүргізілуі тиіс.

Төтенше жағдайлардың алдын алу негізіне қорғаныс құрылыстарының сапасын жоғарылату жатады, ол үшін шикізат қоспасын берік етін дайындау керек, ол қорғаныс құрылысының қасиеттерін күшейтеді және оның пайдалану мерзімін ұзартады. Бұл мақсатқа жетудің бірден бірі пайдаланылып отырған құрылыстағы жұмыс жағдайын талдау және ғылыми тұрғыдан дәлелденген сенімді, кешенді қорғаныс шаралары мен құрылыстар қолдану болып табылады.

Аумақты инженерлік қорғау саласындағы, ғылыми міндет, апаттан сақтану үшін қандай шараларды қолдану жөніндегі мәселеге келін тіреледі. Ғылыми дәлелденген тәсіл бойынша бұл мәселелерді шешу көп молшерде материалдық заттарды үнемдеуге, экологияны жақсартуға, ең бастысы адамдардың өмірін сақтап қалу.

Зерттеу жұмысының мақсаты қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсін қалдықтарын қайта өңдеу мақсатында болат балқыту шлағы, фосфор

өндірісінің шлағы және шифер-құбыр мен минералды мақта қалдықтарын қолдана отырып селден қорғау құрылыстарына арналған майысуға берік композициялық материалдарды дайындау.

Алға қойылған мақсаттарға жету барысында докторант келесі міндеттердің шешімін тапқан:

- селден қорғау құрылымын жасау үшін болат балқыту және фосфор өндірісінің шлактарын, шифер-құбыр мен минералды мақта өндірісінің қалдықтарын пайдалану мүмкіндігі анықталған;

- табиғи материалдық ресурстарды пайдалануды төмендетуге, жергілікті жердің ландшафтын және қоршаған ортаны қорғау мақсатында селден қорғау құрылымының құрамы оңделген;

- портландцемент, электротермофосфор, болат балқыма өндірістерінің қалдықтарын, шифер-құбыр және минералдық мақта өндірістерінің қалдықтарын пайдалана отырып жасалған композициялық материалдарға зертханалық жағдайда зерттеу жасалған;

- композициялық шикізат материалдарынан алынған селден қорғауға арналған құрылымының зертханалық жағдайда майысу беріктігі сыналған.

Докторант Ж.Т. Нұртайдың «Қазақстан Республикасының таулы аймақтарындағы халықты табиғи сипаттағы тотенше жағдайлардан құтқару үшін құрылым құру мақсатында өндірістік қалдықтарды пайдалана отырып композициялық материалдар алу технологиясын жасау» тақырыбындағы диссертациясы жоғары деңгейде дайындалған. Диссертацияның ұсыныстары мен қорытындылары жеткілікті түрде негізделген.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі ғылыми және іс-жүзіндегі нәтижелерінің құндылығы, зерттеулердің орындалған көлемі, негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануы бойынша «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сай келеді және 6D073100 «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми атағын беру үшін ұсынуға болады.

М. Әуезов атындағы ОҚМУ
«Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған
ортаны қорғау» кафедрасының
меңгерушісі, доцент
Т.Ғ.К., ғылыми жетекшісі

А.С. Наукенова

Ғылыми жетекшісі Т.Ғ.К., доцент
А.С. Наукенованың қолын растаймын
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми
хатшысы Т.Ғ.К., доцент



Л.М. Сатаева